

Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімінің 2024 жылғы 11 қарашадағы № 10 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сипаттамасын белгілеу туралы" № 240 бұйрығына сәйкес, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі қалалық комиссияның 2024 жылғы 7 қарашадағы № 7 шұғыл отырысының хаттамасы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ақсу қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Ақсу қаласы әкімінің орынбасары Р.И. Глявкаев тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақсу қаласының әкімінің міндетін атқарушысы

М. Зенов